

**Кокшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға
арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының
2025-2026 оқу жылының тамыз айында өткен педагогикалық кеңесінің
№1 хаттамасы**

Күні: 29.08.2025

Уақыты: сағат 10:00

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Себепті:

Себепсіз:

Тақырыбы: «Білім беру ұйымының 2025–2026 оқу жылындағы білім беру саясаты мен басымдықтары»

Күн тәртібі:

Алғы сөз. Педагогикалық кеңесті ашу

Мектеп директоры: Курмашева Анаргүль Назымбековна

1. Жаңа оқу жылының басымдықтары мен негізгі бағыттары

1.1 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

Директордың бейінді оқыту орынбасары: Торсунова Б.Р.

1.2 «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы.

Директордың тәрбие ісінің орынбасары: Кайржанова М.Н.

2. 2025 - 2026 оқу жылына арналған жылдық оқу-тәрбие жұмысының жоспарын бекіту

2025-2026 оқу жылына арналған:

1. 2025 - 2026 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары;
2. Оқу жылына арналған оқу – тәрбие жоспарын бекіту;
3. Мектептің білім алушылар тізімдік құрамын бекіту;
4. Педагогтердің оқу жүктемесін бекіту;
5. Оқу жылына арналған сабақ кестесі, қоңырау кестесін бекіту;
6. Оқу пәндері, тандау пәндері, элективті, жеке және топтық жұмыстар курстары бойынша күнтізбелік - тақырыптық жоспарларды, үйірмелердің жұмыс жоспарларын бекіту;
7. Педагогикалық кеңестің құрамы, жұмыс жоспарын бекіту;
8. Әдістемелік кеңес құрамын, жылдық жоспарын бекіту;
9. Мұғалімдердің әдістемелік бірлестік жетекшілерін бекіту;
10. Педагогтердің біліктілігін арттырудың, педагогтерді аттестаттаудың перспективалық жоспарын бекіту;
11. Мектептің даму жоспарындағы өзгерістер мен жобаларды таныстыру;

Директордың оқу ісінің орынбасары: Мукашева А.Б.

Директордың бейінді оқыту орынбасары: Торсунова Б.Р.

3. Мектептің ұйымдастырушылық - шаруашылық қызметі туралы

3.1 Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру

Мектеп директоры: Курмашева Анаргүль Назымбековна

Директордың тәрбие ісінің орынбасары: Кайржанова М.Н.

Қысқалды:

І. Педагогикалық кеңесті мектеп директоры А.Курмашева ашып, «Білім беру ұйымының 2025–2026 оқу жылындағы білім беру саясаты мен басымдықтары» тақырыбында сөз сөйледі.

Бейнероликтердің көрсетілімі:

1. Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі (15.08.2025)

2. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің өзекті мәселелері

15 тамызда Астанада еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қатысуымен ұстаздардың республикалық Тамыз конференциясы өтті. Мемлекет басшысы білім беру саласындағы негізгі басымдықтарды айқындап берді. Біздің ортақ міндетіміз – олармен танысып, мектепте іске асыру.

Тамыз конференциясында Қазақстан Республикасының Оқуағарту министрі Ғани Бектайұлы Бейсембаев саланың жетістіктері мен алдағы жоспарларын жан-жақты атап өтті. Біз бұл бағыттарды жұмысымыздың негізі етуіміз қажет. Басты бағдарымыз – «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы. Бұл – әр сабаққа, әр сыныптан тыс іс-шараға енгізілуі тиіс тұтас философия. Бағдарламаның мақсаты – білімді, отаншыл және жасампаз ұрпақ қалыптастыру. Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы 6 базалық құндылық аясында жүргізіліп, әр ай белгілі бір құндылыққа арналады. Мысалы, қыркүйек – еңбекқорлық пен кәсібилік айы, қазан – тәуелсіздік пен патриотизм айы. Мұның барлығы сіздердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларыңыз бен тәрбие сағаттарының жоспарына енгізілуі тиіс.

2. Екінші мәселе бойынша Бахытгуль Рамазановна сөз сөйледі.

Екінші маңызды бағыт – жасанды интеллектіні (ЖИ) оқу процесіне біріктіру. Биылдан бастап біз ЖИ-ді жүйелі түрде енгізуді бастаймыз. Бұл компьютер мұғалімді алмастырады деген сөз емес. ЖИ – уақытты үнемдейтін әрі оқыту әдістерін кеңейтетін біздің цифрлық көмекшіміз. 1–11-сыныптың барлық оқушылары «Day of AI» курстарымен қамтылады. Барлық педагогтер Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтындағы «Орта білім беру жүйесінде ЖИ қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдармен» танысып, оны оқыту тәжірибесіне енгізу қажет. Педагогтер үшін ЖИ қолдану бойынша деңгейлік курстар кезеккезеңімен ұйымдастырылатын болады. Қазірдің өзінде әрбір педагогке сайтта ЮНЕСКО қолдауымен "Өрлеу" БАҰО әзірлеген онлайн курсқа қолжетімділік ашылды <https://reg.orleu.edu.kz/>. Жақын арада оқудан өту керек (барлығы – 8 сабақ және тест) және куәлік алу керек. Сонымен қатар, мектепке білім беру процесінде жасанды интеллектіні қолданудың этикалық нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз ететін ішкі мектептік құжатты әзірлеп, бекіту қажет.

Үшінші маңызды мәселе – педагог мәртебесі. Мемлекет басшысы мұғалімдерді өзіне тән емес жұмыстарға тартудың жол берілмейтінін қадап айтты. Педагогтің міндеті – оқыту және тәрбиелеу. Мемлекет басшысының «ұстаз - ұлттың шамшырағы» ретіндегі ролін жоғары бағалауы педагогтерге берілген сенімге сәйкес келуге міндеттей отырып, ерекше жауапкершілік жүктейді. Бұл үшін кәсіби біліміңіз бен дағдыларыңызды үздіксіз жетілдіру өте маңызды.

Төртінші – қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету сөзсіз төртінші басымдық болып табылады. Бұл бағытта екі жаңа бастама қарастырылуда:

біріншісі – буллингке қарсы команданы қалыптастыруға бағытталған «ДосболLIKE» буллингінің алдын алу бағдарламасын енгізу.

екіншісі – медицина қызметкерінің жаңа ролін анықтау. Енді медицина қызметкер тек алғашқы медициналық көмек көрсетіп қана қоймай, сынып жетекшілерімен тығыз байланыста тәрбиелік жұмысқа да қатысады.

Сонымен, биылғы ең маңызды өзгерістердің бірі – ата-аналар комитеттерінің жұмысын трансформациялау. Жаңа «Республикалық ата-аналар комитеті туралы ереже» әзірленіп, барлық деңгейде өзара әрекеттесудің нақты тік құрылымы белгіленді. Міндетіміз – «мектеп – ата-ана – қоғам» қағидаты бойынша шынайы серіктестік орнату. Жаңа құрылым келесідей ұйымдастырылады:

Сынып деңгейінде: алғашқы жиналыста сайланатын 3–5 атаанадан тұратын комитет;

Білім беру ұйымының деңгейінде: әр сыныптан ұсынылған өкілдерден құралады;
Бұдан әрі бұл құрылым аудандық, облыстық және республикалық деңгейге шығады.
Мұндай жұмысты ұйымдастырудан күтілетін нәтиже – ата-аналарды мектеп өміріне толыққанды серіктес ретінде тарту.

3. Үшінші мәселе бойынша Майра Ныгметовна «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы тақырыбында сөз алды.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру жолдарын талқылап отырмыз. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен ресми түрде бекітіліп, еліміздің барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Тамыз конференциясында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлы Бейсембаев саланың жетістіктері мен алдағы жоспарларын жан-жақты атап өтті. Біз бұл бағыттарды жұмысымыздың негізі етуіміз қажет.

Басты бағдарымыз – «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы. Бұл – әр сабаққа, әр сыныптан тыс іс-шараға енгізілуі тиіс тұтас философия. Бағдарламаның мақсаты – білімді, отаншыл және жасампаз ұрпақ қалыптастыру. Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы 6 базалық құндылық аясында жүргізіліп, әр ай белгілі бір құндылыққа арналады. Мысалы, қыркүйек – еңбекқорлық пен кәсібилік айы, қазан – тәуелсіздік пен патриотизм айы. Мұның барлығы сіздердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларыңыз бен тәрбие сағаттарының жоспарына енгізілуі тиіс.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – патриоттық рухта тәрбиеленген, білімді әрі жасампаз ұрпақты қалыптастыру, яғни әрбір шәкіртімізді елін сүйетін, әділ, еңбекқор, жауапты азамат етіп тәрбиелеу.

Бағдарламаның құндылықтары

Бала тәрбиесінде басты бағдар болатын 6 құндылық белгіленді:

- Тәуелсіздік және отаншылдық
- Бірлік және ынтымақ
- Әділдік және жауапкершілік
- Заң және тәртіп
- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және жаңашылдық

Бұл құндылықтар тек қағаз жүзінде қалмай, әр сабақта, әр іс-шарада, әрбір тәрбиелік жұмыста көрініс табуы тиіс.

Жүзеге асырылатын негізгі бағыттар

Қауіпсіз орта құру: «ДосболLIKE» антибуллинг бағдарламасы енгізіліп, әр мектепте буллингтің алдын алу жүйесі қалыптастырылады.

Ата-аналар серіктестігі: Жаңа «Республикалық ата-аналар комитеті» құрылып, «Мектеп – ата-ана – қоғам» қағидаты бойынша бірлескен жұмыс жүргізіледі.

Әлеуметтік жобалар: «Қамкор», «Еңбегі адал – жас өрен», «Шабыт», «Үшқыр ой алаңы», «Smart bala», «Балалар кітапханасы» сынды жобалар арқылы құндылықтарды оқушылардың күнделікті өміріне енгізу көзделген.

Күнделікті және апта сайынғы іс-шаралар: «Апта дәйексөздері», «Қауіпсіздік сабағы», «Буллингтен қорған!», «Менің Қазақстаным», «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» сияқты тұрақты жұмыстар іске асырылады.

Мұғалімдер мен сынып жетекшілердің рөлі

Буллингке қарсы команданы қалыптастыруға бағытталған «ДосболLIKE» буллингінің алдын алу бағдарламасын енгізу.

екіншісі – медицина қызметкерінің жаңа рөлін анықтау. Енді медицина қызметкер тек алғашқы медициналық көмек көрсетіп қана қоймай, сынып жетекшілерімен тығыз байланыста тәрбиелік жұмысқа да қатысады.

Сонымен, биылғы ең маңызды өзгерістердің бірі – ата-аналар комитеттерінің жұмысын трансформациялау. Жаңа «Республикалық ата-аналар комитеті туралы ереже» әзірленіп, барлық деңгейде өзара әрекеттесудің нақты тік құрылымы белгіленді.

Міндетіміз – «мектеп – ата-ана – қоғам» қағидаты бойынша шынайы серіктестік орнату. Жаңа құрылым келесідей ұйымдастырылады:

Сынып деңгейінде: алғашқы жиналыста сайланатын 3–5 ата-анадан тұратын комитет;

Білім беру ұйымының деңгейінде: әр сыныптан ұсынылған өкілдерден құралады;

Бұдан әрі бұл құрылым аудандық, облыстық және республикалық деңгейге шығады.

Мұндай жұмысты ұйымдастырудан күтілетін нәтиже – ата-аналарды мектеп өміріне толыққанды серіктес ретінде тарту.

4. Төртінші мәселе бойынша А.Мукашева 2025-2026 оқу жылына жоспарланған жұмыстармен таныстырды:

Оқу жұмыс жоспары келесі құжаттар негізінде әзірленді:

- 1. ҚР «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» заңдары

- 2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- 3. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен және **63,67,95,96** -қосымшалар;

- 4. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қа-

- зақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы;

- 5. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды

- аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы;

- 6. «Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығы; және басқа да бұйрықтары;

- 2025 жылғы 5 маусымдағы №2 хаттама бойынша Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА әдістемелік нұсқау хаты;

- Мектептің жарғысы.

2025–2026 оқу жылында мектепте **жалпы 12 сынып** жұмыс істейді. Оның ішінде:

- **5 сынып** – «Абай мектептері» желісі бойынша;

- **7 сынып** – **жаратылыстану-математикалық бағытта** оқытылады.

Оқу үдерісі **7-сыныптан бастап** жүзеге асырылады.

- Оқу жылы – **34 оқу аптасынан** тұрады;

- Оқу аптасы – **5 күндік оқу режимінде**, яғни **дүйсенбіден жұмаға** дейін жүргізіледі;

- Бұл оқушылардың оқу жүктемесін тиімді ұйымдастыруға, білім сапасын арттыруға және денсаулықтарын сақтауға мүмкіндік береді.

Оқу жоспары екі негізгі компоненттен тұрады:

Инварианттық бөлім

- Мемлекеттік стандартқа сәйкес негізгі пәндер қамтылады.

Вариативтік бөлім

– Оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып жеке тұлғаны дамытуға бағытталған. Бұл бөлімге:

- Таңдау бойынша курстар;
- Элективті пәндер;
- Жаһандық құзыреттер курстары;
- Жеке және топтық жобалар енгізілген.
- **Бейіндік пәндерді тереңдетіп оқыту** қарастырылған;
- **Элективті компоненттегі сағаттар , үйірмелер, ғылыми жобалар** арқылы оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға көзделген;
- **ЖОО-лармен бірігіп өткізілетін сабақтар, зертханалық жұмыстар** арқылы кәсіби бағдар беру жүзеге асады.

2025–2026 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары білім беру үдерісін сапалы ұйымдастыруға, оқушылардың жан-жақты дамуына, пәндік және тұлғалық нәтижелерге қол жеткізуге толық мүмкіндік береді.

Оқу жылына арналған оқу – тәрбие жоспарын бекіту:

Бөлім I. Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының төлқұжаты.

Бөлім II. 2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысына талдау. Жаңа оқу жылындағы мектеп -интернатының мақсат-міндеттері.

Бөлім III. Мектеп- интернатының жұмыс тәртібі.

Бөлім IV. Мемлекеттік білім беру стандартының орындалуына, білім үрдісін жақсартуға бағытталған оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

4.1 Оқу жоспары

4.2 ҰБТ-ға, ОЖСБ дайындық жоспары

4.3 Мемлекеттік қорытынды аттестаттау емтихандарға дайындық жұмысы

4.4. Мектептің ғылыми әдістемелік жұмыс жоспары

Бөлім V. Педагог қызметкерлермен жұмыс, біліктілігін арттыру, аттестаттау

5.1 Мектеп әкімшілігінің құрамы.

5.2 Мұғалімдердің сапалық тізімі

5.3 Оқу жүктемелері

5.4 Сынып, үйірме, жетекшілері

5.5 Педагог қызметкерлерін аттестаттау

5.6 Мұғалімдердің курстық дайындықтар арқылы біліктіліктерін арттыру.

Бөлім VI. Мектепті басқару және МІБ ұйымдастыру

6.1 Педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары

6.2 Директор жанындағы отырыс

6.3 Мектепшілік бақылау жоспары

6.4 2024-2029 жылға арналған перспективті даму жоспары

6.5 Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуда сапалы көшу бойынша іс-шаралар жоспары.

Бөлім VII. Тәрбие жұмысының жоспары

7.1 «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы жұмыс жоспары

7.2. Мектеп жанындағы интернат жұмысының жоспары

7.3.АЭТД оқыту және жасөспірімдерге әскери патриоттық тәрбие жұмысын жүргізу жоспары

7.4 Өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспары

7.5.Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету жәнәмүдделі органдармен бірлескен жұмыс жоспары

Бөлім VIII. Әлеуметтік-психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастыру

8.1 Педагог- психологтың жұмыс жоспары

8.2 Әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары

8.3. Профилактикалық кеңес жұмыс жоспары

8.5.«ДосболLIKE» антибуллинг бағдарламасын іске асыру бойынша бірлескен жұмыс жоспары.

Бөлім IX. Ата-аналармен жұмыс жоспары

9.1 Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары

Бөлім X. Мектеп кітапханасының жұмысы

10.1 Кітапхананың жұмыс жоспары

Бөлім XI. Кәсіптік бағдар бойынша жұмыс жоспары

11.1. Кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары

Мектептің білім алушылар тізімдік құрамын бекіту:

Жалпы 212 оқушы

Қыздар – 145

Ұлдар – 67

Жатахана- 161

Қала- 51

7А сыныбы: 18 оқушы

7Ә сыныбы: 18 оқушы

8А сыныбы: 18 оқушы

8Ә сыныбы: 18 оқушы

8Б сыныбы: 17 оқушы

9А сыныбы: 16 оқушы

9Ә сыныбы: 16 оқушы

9Б сыныбы: 18 оқушы

10А сыныбы: 19 оқушы

10Ә сыныбы: 19 оқушы

11А сыныбы: 17 оқушы

11Ә сыныбы: 18 оқушы

Жаңа оқу жылына арналған сабақ кестесі, қоңырау кестесі және педагогтердің оқу жүктемесі, оқу пәндері, тандау пәндері, элективті, жеке және топтық жұмыстар курстары бойынша күнтізбелік - тақырыптық жоспарларды, үйірмелердің жұмыс жоспарларын, педагогикалық кеңестің құрамы, жұмыс жоспарын, әдістемелік кеңес құрамын, жылдық жоспарын, мұғалімдердің әдістемелік бірлестік жетекшілерін, педагогтердің біліктілігін арттырудың, педагогтерді аттестаттаудың перспективалық жоспарын, мектептің даму жоспарындағы өзгерістер мен жобалары бекітілді.

Педагогикалық кеңестің қаулысы:

1. 2025-2026 оқу жылының басталуы туралы бұйрықтың жүзеге асырылуы қадағалансын.
2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы мен ЖИ колданудың этикасы сақтала отырып, әр пәнге кіріктірілсін.
3. 2025-2026 оқу жылына арналған :
 1. Оқу жылына арналған оқу – тәрбие жоспары бекітілсін;
 2. Мектептің білім алушылар тізімдік құрамы бекітілсін;
 3. Педагогтердің оқу жүктемесін бекітілсін;
 4. Оқу жылына арналған сабақ кестесі, қоңырау кестесін бекітілсін;
 5. Оқу пәндері, тандау пәндері, элективті, жеке және топтық жұмыстар курстары бойынша күнтізбелік - тақырыптық жоспарларды, үйірмелердің жұмыс жоспарларын бекітілсін;
 6. Педагогикалық кеңестің құрамы, жұмыс жоспарын бекітілсін;

7. Әдістемелік кеңес құрамын, жылдық жоспарын бекітілсін;
 8. Мұғалімдердің әдістемелік бірлестік жетекшілерін бекітілсін;
 9. Педагогтердің біліктілігін арттырудың, педагогтерді аттестаттаудың перспективалық жоспарлары бекітілсін.
 10. Мектептің даму жоспарындағы жобалар жұмысын жалғастырып, жаңа жобалар жүзеге асырылсын.
4. Мектептің ішкі тәртіп ережелері, санитарлық нормалар қатаң сақталсын.

Төрайымы:

Хатшы:



А.Курмашева

А.Бердалиева